

«6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сагидолда Нагиманың «Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтерудің мемлекеттік саясаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында XXI ғасырдың он жаһандық сын-қатерінің Екінші сын-қатері – жаһандық демографиялық теңгерімсіздікті атап өткен. Осы теңгерімсіздіктің алдын алу үшін мемлекет тарапынан бірнеше бағдарламалар іске асып отыр. Оның ішінде «Мәңгілік ел жастары–индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы, «Оңтүстіктен солтүстікке көшу» Мемлекеттік бағдарламасы диссертациялық жұмыстың нәтижелерімен тікелей байланысты болып отыр. Себебі зерттеу жұмысының нәтижелері осы бағдарламаларды іске асырудағы бірқатар проблемаларды шешуге айтарлықтай үлес қосады</p> <p>3) Қазақстан Республикасы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы отырысының хаттамасымен ғылымды дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған 10 басым бағыты бекітілді. Хаттамалық деректерге сәйкес «Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін арттырудың мемлекеттік саясаты» зерттеу тақырыбы 8 «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға	Жұмыс ғылымға <u>елеулі</u> үлесін	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады және оның

	маңыздылығы	<u>қосады/қоспайды</u> , ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u> .	маңыздылығы жақсы ашылған. Зерттеу жұмысында автор кластерлік талдау жүргізеді және депрессиялық аймақтардағы демографиялық әлеуеттің дамуына баға береді. Сондай-ақ, зерттеудің 3-тарауы Қазақстанда демографиялық саясатты іске асырудың қолданыстағы тетігін баяндауға арналған. Тарауда демографиялық әлеуетті реттеу процесі сипатталған. Депрессиялық аймақтарда демографиялық әлеуетті дамытудың болжамды есептері келтірілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторанттың зерттеу жұмысын жазу барысында өзі жазу деңгейі өте жоғары. Бұл докторанттың диссертациялық жұмысты жазу барысында қойылған нәтижеге жету үшін шетелдік және отандық бағдарламаларды пайдалану (Smart PLS, R, Gretl), көптеген әдебиеттерге шолу жасау, демографиялық үдерістерге байланысты әлемдік және отандық теорияларды салыстыру, қойылған гипотезаларды дәлелдеу барысында бірінші және екінші мәліметтерге талдау жасау, демографиялық үдерістерді реттеу бойынша мемлекеттік тетіктерді қарастыру мен оны жетілдіру жолдарын көрсету, депрессивті аймақтарға болжам жасауда көрініс тапқан.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі ғылыми және қолданбалы аспектілерде негізделген. Қазіргі Қазақстандағы депрессивті аймақтардағы демографиялық жағдайды мемлекеттік реттеу қажеттілігі бірінші және екінші мәліметтерді талдау, бағдарламалар арқылы модельдеу, болжау арқылы негізделген. Демографиялық жағдайды оң бағытқа өзгерту мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей әсер етуші фактор болып табылады. Сондықтан, диссертация қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі болып, Қазақстан халқының орналасуы, ұдайы өсіп-өнуі және сапалы құрамын ұлғайту бойынша стратегиялық міндеттермен тікелей байланысты деп айтуға болады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын толығымен айқындайды. Диссертацияның мазмұны, яғни кіріспеден бастап, үш негізгі бөлімі және қорытынды зерттеу жұмысының мақсаты және осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттерге жетуге бағытталған. Диссертацияның жалпы көлемі 151 бет, соның ішінде негізгі тараулары 110 беттен тұрады. Диссертациялық жұмыста 40 сурет

			және 24 кесте жасалынған, 130 әдебиет пайдаланылып, 7 қосымшадан тұрады.
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Мақсаты: Қазақстан Республикасының демографиялық саясаты мен аймақтарындағы демографиялық әлеуетті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыра отырып, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатының ықпалын талдау арқылы елдің депрессивті аймақтарының демографиялық әлеуетін көтеруге арналған ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылған: - демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің және аймақтардың демографиялық әлеуетін арттырудың теориялық-әдіснамалық аспектілерін мен демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты түсінігін нақтылау; - қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы демографиялық дамудың аймақтық ерекшеліктері мен проблемаларын анықтау; - әлеуметтік-экономикалық талдауды негізге ала отырып, Қазақстан аймақтарына кластерлік талдау жүргізу; - аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер ететін негізгі факторлардың құрылымдық моделін қалыптастыру; - Қазақстан аймақтарындағы мемлекеттік демографиялық саясатты жетілдірудің басым бағыттарын әзірлеу. Қойылған мақсат пен міндеттер диссертациялық тақырыптың мазмұнына сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның бөлімдері мен тұжырымдамалары логикалық және құрылымдық тұрғыдан толығымен өзара байланысқан. Әрбір соңғы бөлімдердегі қолданылған түсініктемелер мен анықтамалар алдыңғы бөлімдерде пайдаланылып, түсіндірілген. Әрбір пункт бойынша жасалынған қорытындылар мен тұжырымдамалар алынған ақпараттардың талдауы және дәлелдемелерден шығып отырады. Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде мемлекеттік демографиялық саясатқа теориялық түрде талдау жасалынып, бөлімшенің соңында «мемлекеттік демографиялық саясатқа» анықтама беріледі. Аймақтардың демографиялық әлеуетіне теориялық талдау жасалынып, қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің көзқарастары зерттелінген. Тараудың</p>

			<p>соңында «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты» ұғымына авторлық анықтама берілген. Екінші тарауда Қазақстандағы мемлекеттік демографиялық саясаттың ықпалы бағаланып, Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетіне R бағдарламасы арқылы кластерлік талдау жасалынып, депрессивті аймақтар анықталған. Осыған байланысты анықталған депрессивті аймақтардың демографиялық, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және т.б. көрсеткіштері зерттелінген. Ары қарай аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер етуші негізгі факторларды анықтау мақсатында депрессивті аймақтарда тұратын халыққа жүргізілген сауалнама нәтижесінде Smart PLS бағдарламасы арқылы құрылымдық модель жасалынған. Үшінші бөлімде Қазақстанның демографиялық депрессивті аймақтарында мемлекеттік реттеу механизмін іске асыру жүйесі қарастырылып, оны жетілдіру жолдары көрсетілген. Диссертацияның соңғы бөлімшесінде, логикаға сәйкес, жұмыстың объектісі, яғни демографиялық депрессивті аймақтардың халық санына болжам жасалынған. Жоғарыдағыларды қорытындылай келе, диссертация бөлімдерінің ішкі бірегейлігі пен логикасы сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыста демографиялық саясаттың біршама теориясы сыни талдауға алынып, нәтижесінде демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясатына анықтама берілген. Сонымен қатар, статистикалық зерттеулер және тұрғындарға сауалнама жүргізу барысында құрылымдық модель жасалынған. Құрылымдық модельдің адекваттылығы детерминация коэффициенті, барлық айнымалылардың әрбір индикаторларының сенімділігі, Cronbach's Alpha мәнінің сенімділік пен жарамдылығының расталуы, айнымалылардың Fornell-Larcker критеріінің дискриминантының дәлділігі (Fornell-Larcker Criterion) арқылы дәлелденген. Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы демографиялық саясатты мемлекеттік реттеу тетігінің бұрыннан белгілі шешімдерімен салыстырылып, сыни талдау жасалынып, оны жетілдіру жолдары ұсынылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	Диссертациялық жұмыстағы нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Әдебиетке шолу жасай келе,

принципі	<p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>демографиялық саясат, демографиялық үрдіс, демографиялық жағдай сияқты түсініктерге отандық және шетелдік ғалымдардың бірнеше анықтама бергенін байқауға болады. Ал, автор тарапынан берілген «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты» ұғымы зерттелген теориялардың арасындағы жаңасы болып табылады. Келесі жаңалық ретінде демографиялық дамудың аймақтық ерекшеліктері анықталған. Жалпы Қазақстан үшін анықталған демографиялық әлеуетке әсер етуші факторлардың біршамасы жаңа болып келеді. Жасалынған кластерлік талдау негізінде анықталған 4 кластер де алдыңғы қазақстандық зерттеулерде көрсетілмеген, сонымен қатар, кластерлік талдау жасау барысында әзірленген әдістеме де жаңа болып отыр. Зерттеу барысында жасалынған құрылымдық модель де жаңа деп айтуға болады. Төртінші жаңалық ретіндегі анықталған депрессивті аймақтардағы демографиялық әлеуетті көтерудің ұсынылған мемлекеттік реттеу тетігі мен аймақтардағы мемлекеттік демографиялық саясатты жетілдірудің басым бағыттары да інішара жаңалық болып келеді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ізденушінің диссертациялық жұмысында тұжырымдалған әрбір қорытындылары інішара жаңа және сенімді. Диссертация қорытындыларының сенімділік дәрежесі жасалынған әлеуметтік-экономикалық, статистикалық талдаулар мен сауалнама нәтижесін арнайы бағдарламаларды қолдана отырып сауатты түрде интерпретациялау, әртүрлі факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндерін тестілеумен байланысты. Диссертанттың жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған қорытындылармен тұжырымдамалардың экономикалық және басқару шешімдері толығымен жаңа. Себебі, демографиялық депрессивті аймақтардағы жағдайларды мемлекеттік басқарудың қазіргі кезде нақты тетігі көрсетілмеген, сондықтан, диссертациялық жұмыстағы басқару шешімдері өзекті.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу қорытындыларының дәлелдемелерге негізделуі бастапқы теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, экономикалық, саяси әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттерімен сәйкестілігімен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, сауалнама нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, кластерлік талдау, құрылымдық модель жасау, демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу тетігін зерттеу бойынша түрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <p>1) «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты» ұғымына нақтыланған авторлық анықтама ұсынылып, оның экономикалық, әлеуметтік және саяси мазмұны ашылды;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>2) аймақтағы демографиялық әлеуетті қалыптастыратын (жеке</p>

			<p>этностар, олардың жалпы халық санындағы үлесі, туу коэффициенті, тұрғындардың балаға деген қажеттілік мінез-құлқы, отбасыларды қолдауға арналған мемлекеттік саясаты, халықтың өмір сүру деңгейі, әлеуметтік-экономикалық тартымдылық) факторлардың жиынтығы құрылды. Аймақтардағы демографиялық параметрлер (туу, өлім-жітім, халықтың қартаюы, ішкі-көші қон), халық санының жас-жыныстық құрылымы және ұдайы өсіп-өну факторлары негізгі бағалау көрсеткіштері ретінде айқындалды;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) R бағдарламасы арқылы Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетіне кластерлік талдау жасау нәтижесінде демографиялық тұрғыдан «өте жоғары», «жоғары», «салыстырмалы түрде төмен» және «депрессивті» аймақтар анықталды;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p>
--	--	--	---

			<p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жок</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жок 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жок</p> <p>4) Қазақстанның депрессивті аймақтарының әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштеріне талдау нәтижесінде демографиялық әлеуетке әсер ететін негізгі факторлардың құрылымдық моделі Smart PLS бағдарламасының көмегімен әзірленді; 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жок</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жок 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;</p>
--	--	--	---

			<p>3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>5) елдің депрессивті аймақтарындағы демографиялық мәселені мемлекеттік реттеу тетігі әзірленіп, арнайы мемлекеттік Агенттік құру ұсынылды, GRETЛ бағдарламасын қолдану арқылы депрессивті аймақтардың демографиялық дамуының 5 жылдық болжамы жасалынды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>Диссертациялық зерттеу нәтижесі бойынша ізденуші тарапынан тақырыпқа байланысты 9 ғылыми мақала дайындалып, басылымдарға шыққан. Оның 1-уі Scopus мәліметтер қорына кіретін ғылыми журналда, 3-уі ҚР БҒМ БҒСҚК бекіткен журналдарда, 5-уі халықаралық конференциялар жинақтарында жарыққа шыққан.</p>
--	--	--	---


8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста таңдалған әдістеме нақты жазылған және негізделген. Таңдалған әдістемелердің дәлелі ретінде әдебиет көздеріне сілтеме жасалынған. Таңдалған әдістемелер қойылған мақсат пен міндеттер, гипотезаға сәйкес келеді. Зерттеу бастапқы және екінші деректерге талдау жасау, оларды іріктеу, саралау, өңдеу арқылы жасалынған. Әрбір алынған нәтижелер индикаторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндерін тестілеумен қамтамасыз етілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері және компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау пайдаланылған. Диссертацияны орындау барысында докторант сандық және сапалық талдаудың бірнеше тәсілдерін қолданған, оның ішінде, анализ бен синтез, жүйелік тәсіл, индукция және дедукция, тарихи және логикалық, графикалық әдістер. Сонымен қатар, статистикалық мәліметтер мен сауалнама нәтижелері Excel, Smart PLS, R бағдарламалары арқылы өңделіп, модельдеу жасалынса, Gretl бағдарламасы арқылы депрессивті аймақтарға алдыңғы 5 жылға болжам жасалынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар мен модельдер демографиялық үрдіс туралы белгілі сарапшылардың пікіріне негізделіп, расталған. Жасалынған құрылымдық модель нәтижелердің сенімділігі мен жарамдылығы бойынша бірнеше критерийлермен тексерілген. Бағдарламада жасалынған болжамдарда уақыттық қатар стационарлыққа тексеріліп, Дикки-Фуллердің кеңейтілген тесті пайдаланылған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда демографиялық саясат туралы негізгі теориялардың барлығы осы теориялардың авторларының еңбектеріне, яғни өзекті және сенімді әдебиеттерге сілтеме жасауда көрсетілген. Ал, Қазақстандағы демографиялық саясатты талдау барысындағы мәліметтер мен мәлімдемелер Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілері мен заңнамаларға негізделген.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Диссертациялық жұмысты жазу барысындағы қолданылған әдебиеттер тізімі 130 дереккөзді құрап, осы тақырып бойынша әдеби шолуға жеткілікті болады. Бұл әдебиеттердің ішіне, Scopus, Google Scholar, Scimago Journal Ranking және РИНЦ ғылымиметрикалық деректер базасына кіретін әдебиеттер мен демография саласындағы соңғы жылдары шыққандары кіреді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы, автор тарапынан зерттелген демографиялық саясат, демографиялық үрдіске байланысты әлемдік теорияларды жинақтау, «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты» түсінігіне авторлық анықтама беру, аймақтардың демографиялық әлеуетінің құрылымы мен оны анықтаудың тұжырымдамалық әдістерін анықтаумен байланысты. Диссертацияда пайдаланылған теориялық әдіснама мен қағидалар демографиялық үдерістер, саясат, әлеуетті зерттеуге байланысты болашақ жұмыстарда пайдаланылуға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер жоғары практикалық құндылыққа ие. Себебі қазіргі таңдағы депрессивті аймақтардағы демографиялық әлеуеттің төмендегенін байқауға болады. Сондықтан бұл үлкен, кең ауқымды мәселеге айналмас үшін мемлекет тарапынан іс-шараларды жүзеге асыру өзекті. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелерді қазіргі және болашақта жоспарланған солтүстік аймақтарға қатысты мемлекеттік бағдарламалармен («Серпін-2050» әлеуметтік жобасы, «Оңтүстіктен солтүстікке көшу» Мемлекеттік бағдарламасы) бірлесе отырып іске асырған жағдайда, көптеген проблемалардың алдын алуға болады. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мемлекеттік және жергілікті атқарушы орган басшылары үшін тиімді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып</u>	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Депрессивті аймақтардағы демографиялық әлеуетті көтеру үшін ұсынылған тұжырымдама нақты проблеманы шешуге бағытталған. Қазіргі кезде Қазақстанда аймақтардағы демографиялық жағдайды тікелей мемлекеттік реттеуге бағытталған орган жоқ. Демографиялық проблеманы шешуге

		табылады)	бағытталған бағдарламалар мен нормативтік құжаттар жанама болып келеді. Сондықтан диссертациядағы практикалық ұсыныс толығымен жаңа және өзекті.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс ғылыми тілде, сауатты жазылған және қойылған талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Ресми рецензенттің шешімі: Жоғарыда көрсетілгендердің барлығын ескере отырып, Сагидолда Нагиманың «Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтерудің мемлекеттік саясаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толығымен аяқталған және «6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ресми рецензент:
С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университетінің
«Экономика» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, PhD



Ж.С. Булхайрова

